

«Адал ұрпақ» – болашақтың жарқын бастауы!

17 қазан 2025 жылы №55 жалпы білім беретін орта мектепте «Адал ұрпақ» жобасын жандандыру мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында **адалдық, әділдік, жауапкершілік және парасаттылық** сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту.

Іс-шара барысында оқушылар мен ұстаздар «Адалдық сағаты», «Парасаттылық – адам болмысының айнасы» атты тәрбиелік әңгімелер мен пікірталастар өткізді. Мектеп қабырғасында «Адалдық бұрышы» жаңартылып, оқушылар арасында адалдық тақырыбында эссе және сурет байқаулары ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» клубының белсенді мүшелері мектептің тазалығы мен ізгі істеріне атсалысып, «Мейірімділік керуені», «Таза мектеп – таза қоғам» акцияларына қатысуда.

Мектебімізде бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.
Адалдық – адамдықтың айнасы! 